



туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысы ; "Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 460 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысы ; " Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 872 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 744 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** білім беру саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** Ғылыми зерттеу ұйымдарын жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; лицензиялар беру және білім беру, ғылым ұйымдарының біліктілік талаптарын сақтауын бақылау; өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімі, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру; балалардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым	Жыл бойы	Қазақстан Респуб-

Орталық  
органның  
аппараты

министрлігінің орталық  
аппаратын ұстау;  
Білім беру саласында  
азаматтардың  
конституциялық  
құқықтары мен  
бостандықтарының  
сақталуын қамтамасыз  
ету; білім беру  
саласында бірыңғай  
мемлекеттік саясатты  
іске асыру; білім беру  
сапасын басқаруды  
жүзеге асыру; білім  
беру мен ғылым  
саласында нысаналы  
және халықаралық  
бағдарламаларды  
әзірлеу және іске  
асыру; Қазақстан  
Республикасының білім  
туралы заңнамасының  
сақталуына бақылау  
жүргізу, білім беру  
ұйымдарында  
мемлекеттік  
аттестаттау өткізу,  
жоғары оқу орындарын  
және колледждерді  
аккредиттеу; ғылыми  
ұйымдарды аттестаттау  
және аккредиттеу;  
мемлекеттік  
аттестаттау рәсімін  
өткізу үшін  
аттестаттау  
комиссиясының  
қызметіне ақы төлеу.  
Лицензиялау,  
аттестаттау,  
аккредиттеу,  
мемлекеттік  
лицензиялар мен  
қосымшалардың  
бланктерін жасап  
шығару қызметін сатып  
алу бойынша іс  
жүргізуді қамтамасыз  
ету. Мемлекеттік  
үлгідегі құжаттар мен  
медальдарды әзірлеу  
және беру бойынша  
қызметтерді сатып  
алу. Балалардың

бликасы  
Білім  
және  
ғылым  
министр-  
лігі

				құқықтарын қорғау саласында социологиялық зерттеулер өткізу.		
3		002	Аумақтық органдардың аппараты	Аумақтық органдардың аппаратын ұстау; Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, бала құқықтары, конституциялық құқықтары, балалардың заңды мүдделері туралы БҰҰ Конвенциясын іске асыруда жәрдемдесу; өмірде қиын ақуалға ұшыраған балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында жәрдемдесу; балалардың құқықтарын қорғау және заңды мүдделері жөнінде өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық органдары
4		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру үшін мынадай тақырыптар бойынша қызметтерді сатып алу: 1) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің өзекті мәселелері; 2) мемлекеттік тілде құжаттарды рәсімдеудің ерекшеліктері; 3) іс жүргізу қызметі және құжат айналымы; 4) бюджеттік саясат және бюджеттік процесс; 5) жемқорлыққа қарсы күрес. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
5		009	Мемлекеттік органдарды	Орталық аппарат, комитеттер және аумақтық органдарға жүктелген функцияларды	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім

			материалдық-техникалық жарақтандыру	сапалы және тиімді орындау мақсатында материалдық-техникалық қамтамасыз ету.		және ғылым министрлігі, комитеттер, Балалардың құқықтарына қорғау комитетінің аумақтық органдары.
6		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Шығыс материалдарын сатып алу. Есептеуіш техникаларының қаражаттарын жүйелік-техникалық қызмет көрсету. Бағдарламалық және ақпараттық жүйелерді қамтамасыз ету және алып жүру. Техникалық қаражаттарды, байланыс қызметтерін және материалдық емес активтерді сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, комитеттер, Балалардың құқықтарына қорғау комитетінің аумақтық органдары.
7		100	Ғылыми кадрларды аттестациялау	Бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер тағайындау және ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестаттау істерін ұйымдастыру және қарау. Мемлекет атынан дипломдар мен аттестаттарды рәсімдеуді және тапсыруды жүзеге асыру. 2200 данада аттестаттау ісін қарау.	Жыл бойы	Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

8	102	"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" грантын табыс ету	"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" 200 мемлекеттік грантын тағайындау және беру. "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" грантын беру бойынша конкурстық құжаттамаларды сараптамадан өткізу жөнінде жұмыстар жүргізу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
---	-----	--	--	----------	---

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: Білім беру және балаларды қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың қалыптасуын қамтамасыз ету; 30 адамның кәсіби деңгейін арттыру, 50 адамды мемлекеттік тілге оқыту, 40 адамды ағылшын тіліне оқыту;

"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" грантын тағайындау жөнінде конкурстық құжаттамаларды сараптамадан өткізу жөніндегі жұмыстар - 1000 пакет құжаттар.

Соңғы нәтиже: Халықаралық стандарттарды енгізуді есепке ала отырып білім жүйесін жетілдіру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Бір қызметшінің біліктілігін арттыруға кететін орташа шығындар - 19,48 мың теңге, мемлекеттік тілді үйретуге кететін орташа шығындар - 53,0 мың теңге, ағылшын тілін үйретуге кететін орташа шығындар - 29,51 мың теңге.

Бір аттестаттық істі қарауға орташа шығыстар - 19,1 мың теңге; "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" грантын беру бойынша 1 пакет құжаттамалардың сараптамалары - 3,7 мың теңгеге дейін.

Уақыттылығы: жасалған шарттарға және бекітілген қаржыландыру жоспарларына сәйкес министрлік аппаратын ұстауға бөлінген бюджеттік қаражатты игеру - 100 %.

Сапасы: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың мәртебесін көтеру.

Қазіргі экономикалық талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай келетіндей арттыру.

Мемлекеттік тілді үйрету курсынан өткен мемлекеттік қызметшілердің 70% іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізілетін болады, 2% - ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейді.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

232-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008

жылға

арналған

"Ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтау"

деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 6970 мың теңге (алты миллион тоғыз жүз жетпіс мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 31-бабы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : академик Қ.И.Сәтпаевтың мұраларын сақтау , мұражай қорлары мен мұрағаттарда жатқан көрнекті ғалым, Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтпаевтың өмірі мен қызметі туралы ілім-білімді білімдік-тәрбиелікпен және мақсаткерлікпен таратуды жүзеге асыру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке, интеллектуалдық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға ж а ғ д а й ж а с а у .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтау	Академик Қ.И.Сәтпаевтың мемориалдық мұражайында академик Қ.Сәтпаевтың өмірі мен қызметіне байланысты материалдар мен құжаттарды сақтауды, есепке алуды, зерделеуді, жария ету және пайдалануды қамтамасыз ету. Негізгі құралдарын сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті, академик Қ.И.Сәтпаевтың мемориалдық мұражайы

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: мұражайға келген азаматтардың орташа жылдық саны кем дегенде 7270 адам; мұражайдың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында негізгі жабдықтарды сатып алу: желдеткіштер - 2 дана; компьютер - 1 дана.

Соңғы нәтиже: жұртшылықты Қазақстан Республикасындағы ғылым мен техниканың дамуының тарихи көріністерімен таныстыру Өскелең ұрпақтың ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың қызметіне және тұтас алғанда Қазақстан ғылымына деген танымдық қызығушылығын дамыту; ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың өмірін, ғылыми және қоғамдық қызметін насихаттау арқылы өз өмірін Қазақстанның ғылымы мен техникасын дамытуға арнағысы келетін жастардың санын көбейту, олардың Отанға деген патриоттығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың дүниетанымын кеңейту .

Қаржы-экономикалық нәтиже:

- экспонаттардың саны - 720 дана

бір экспонаттың сақталуын қамтамасыз етудің орташа шығыны - 9062,5 теңге.

Уақтылығы: Көзделген кесте бойынша жоспарланған іс-шаралар өткізу.

Сапасы: республика халқының мәдени деңгейін көтеру және мұражай коллекциясы базасында Ғылым академиясының бірінші Президенті Қ.Сәтпаевтың қызметімен жұртшылықты таныстыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1224 қаулысына  
233-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Инновациялық жүйенің желілерін дамыту"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны :** 716613 мың теңге (жеті жүз он алты миллион алты жүз он үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі :** "Инновациялық қызмет көрсетуді мемлекеттік қолдау туралы" 2006 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "2007-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғылымды дамыту" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы N 348 Жарлығы ; "ҚР инновациялық жүйені



құру және дамыту бағдарламасын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі **№ 387 қаулысы**.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** Қазақстан Республикасы индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы аясында елдің тұрақты экономикалық дамуы, экономиканың әр тараптандырылуы және өмір сүру деңгейін көтеру үшін ғылыми-техникалық қызметін қорға айналдыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** Қазақстандық ғылымның сапалы параметрлерін елдің экономикасы үшін әлемдік санат деңгейіне шығару және елдің тұрақты экономикалық дамуы, экономиканың диверсификациялануы мен Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында ғылымның қор болуы үшін, оның нақты секторлармен байланысын қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Инновациялық жүйенің желілерін дамыту			
2		016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	Жобаларды басқаратын топтарды, сонымен бірге операциялық шығындарды ұстау: еңбекақы, әлеуметтік төлемдер, кейіннен сатып алынатын есеппен ғимаратты жалдау, байланыс қызметін төлеу, кеңсе тауарларын, жанар-жағар майды, кеңселік техниканы, кеңселік жиһазды сатып алу, іссапар шығындары, автомобилді жалға алу. 10 зертхананың зертханалық құрал-жабдықтарын	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің

			құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу. Қарызды ұйымдастырғаны үшін донорға бір мезгілдегі комиссияны төлеу.	Ғылыми комитеті
--	--	--	--	-----------------

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтижелер: жобаға жұмылдырылған алдыңғы қатарлы технологиялар тобынан 100 ғалымға жылына 15 жарияланым.

Соңғы нәтижелер: жобаға жұмылдырылған алдыңғы қатарлы технологиялар тобынан 100 ғалымға жылына 3 патент.

Қаржылық-экономикалық тиімділігі: жоба бойынша Қазақстан Республикасы ІЖӨ 2007-2011 ж.ж. кезеңіне экономикалық шығын көрсеткіші небәрі 0,013% құрайды.

Уақытылығы: кестеге сәйкес жоспарланған іс-шараларды өткізу.

Сапасы: қазақстандық ғалымдар мен халықаралық технологиялар нарығы арасында байланыстың даму деңгейін көтеру, Қазақстандық және шетелдік фирмалар үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың басымдылығын орындауда ұлттық ғылыми әлеуетті тарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1224 қаулысына  
234-ҚОСЫМША

## **225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Ғылыми объектілерді салу және реконструкциялау" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

### **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны :** 1037070 мың теңге (бір миллиард отыз жеті миллион жетпіс мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі :** "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** Қазақстан Республикасының ғылыми мүмкіндіктерін дамыту .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** Ғылыми объектілерді салу және қайта жаңғырту жолымен қайталанбас ғылыми-техникалық объектілерді сақтау және мемлекеттік ғылыми инфрақұрылымын дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

N p/c					
-------	--	--	--	--	--

	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Ғылыми объектілерді салу және реконструкциялау	Белгіленген тәртіппен бекітілген (жұмыс жобасы бойынша 2006 жылғы 27 шілдедегі N 7-89-1/06 мемлекеттік сараптама қорытындысы) жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Алматы қаласында "Орталық ғылыми кітапхана" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ғимараттар кешенін қайта жаңғыртуға арналған инвестициялық жобаны іске асыру.	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: объектілерді қайта жаңғырту бойынша жұмыстар көлемін атқару.

Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасының ғылыми мүмкіндіктерін жоғарылату және отандық, шетелдік кітапханалық қорға қызмет көрсету және сақтау жағдайын жақсарту үшін орталық ғылыми кітапхананы қайта жаңғырту.

Уақтылығы: Бекітілген келісімдерге сәйкес жұмыс өндіру графигі бойынша жұмыстар көлемін атқару.

Сапасы: Қазақстан Республикасы территориясында іске асырылатын құрылыс нормалары және ережелеріне байланысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1224 қаулысына  
235-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 434170 мың теңге (төрт жүз отыз төрт миллион бір жүз жетпіс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 19, 24, 31-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4 , 5 , 26 - баптары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан ғылыми қауымдастығының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту; ақпараттық қызмет көрсетулердің жаңа деңгейін ұсыну; практикалық қызметке ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін практикалық енгізуге ықпал ету; ғалымдардың жетістіктерінің ақпараттық қызмет ж ү й е с і н н ы ғ а й т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : республикадағы ғылыми қоғамдардың білім беру қажеттіліктері мен әлемдік және отандық ғылым жетістіктерін насихаттау үшін ақпараттық кеңістікке қолжетімділігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету	Ғылыми, ғылыми-техникалық, ғылыми-педагогикалық ақпаратқа қолжетімдікті қамтамасыз ету. Пайдаланушылардың ағымдағы ақпараттық сұраныстары мен Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып, кітап қорын толықтыруды ұйымдастыру және кітапхана мен кітап қорымен жұмыс істеу. Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алуға күрделі трансферттерді Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана-	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Ғылым комитеті

			сына және Орталық ғылыми кітапханасына аудару. Ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттау. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының негізгі құралдарды сатып алу.	"Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана" мемлекеттік мекеме
--	--	--	---	---

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: ғалымдар мен мамандарды әлемдік және отандық ғылым мен техниканың жетістіктері туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету; кітапхана қызметін пайдаланған азаматтардың орташа жылдық саны кем дегенде 1 8 0 2 8 5 адам ;

кітапхана қорының жаңа өзекті басылымдармен және әдебиеттермен толығуы кем дегенде 140 500 дана, оның ішінде Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханаға 2500 дана, орталық ғылыми кітапханаға 87000 дана, Республикалық ғылыми-техникалық кітапханаға 51000 дана.

Ғалымдар үйімен 118 іс-шара өткізу.

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының негізгі құралдарды сатып алу: жеңіл көлік, компьютерлер техникасы - 5 комплект, кем дегенде 32 кітап сөрелері.

Орталық ғылыми кітапхананың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында негізгі құралдарды сатып алу кем дегенде: сервер - 1 дана, сканерлер - 3 дана, ламинатор - 1 дана; Республикалық ғылыми-техникалық кітапханаға кем дегенде: сервер - 1 дана, кеңселік сканерлер - 4 дана, факсимильдік құрылғы - 1 дана.

**С о ң ғы н ә т и ж е :**

- оқырмандар сұраныстарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, ғалымдар мен мамандардың өздерін қызықтыратын ғылым салаларының әлемдік ғылыми жетістіктері туралы көкейкесті әрі жедел ақпаратқа деген сұраныстарын қанағаттандыру;

электрондық кітапхананың үлгісі мен қорын құру және толықтыру;

Жиынды ақпараттық ресурстарды толықтыру, сондай-ақ кітапханалық қызмет көрсетуді жетілдіру.

**Қаржы-экономикалық нәтиже :**

- насихаттау жөніндегі бір іс-шараны өткізу құны - 53,1 мың теңге;

- бір оқырман шығынының құны - 2248,8 теңге.

**С а п а с ы :**

Ғалымдардың, оқытушылардың, оқитындардың рухани, зияткерлік білімге деген қажеттіліктерін жоғарылату.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
 2007 жылғы 12 желтоқсандағы  
 N 1224 қаулысына  
 236-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі  
 2008 жылға арналған  
 "Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар"  
 деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның  
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 68431 мың теңге (алпыс сегіз миллион төрт жүз отыз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 290 қаулысы ; "Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және талантты жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысы ; "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 983 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** :

1) елеуетті сақтау және ғылыми қызметтер саласына жастардың келуін қамтамасыз е т у ;

2) жыл бойындағы неғұрлым маңызды ғылыми нәтижелерді анықтау және бағалау.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : отандық ғылым мен техниканың дамуына үлкен үлес қосқан жас дарынды ғалымдарды әлеуметтік қолдау; ғылыми-техникалық қызметті материалдық ынталандыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асы жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар

1	2	3	4	5	6	7
1	007		Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар	Конкурстар өткізу: 1. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар үшін ; 2. Атаулы сыйлықақылар үшін : Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлықақы ; Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықақы ; Д. Қонаев атындағы сыйлықақы ; М. Әуезов атындағы сыйлықақы ; Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықақы ; Күл-Тегін атындағы сыйлықақы ; "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлықақысы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларына сәйкес сыйлықақылар төлеу. Академиялық стипендиялар мен ғылыми стипендияларды ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға, дарынды жас ғалымдарға төлеу. Лауреаттарды марапаттауды ұйымдастыру, дипломдар мен құрмет белгілерін тапсыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ғылым комитеті

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: 45 академикке ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан 74 ғалым мен мамандарға 145 дарынды жас ғалымдарға стипендия төлеу; мемлекеттік сыйлықақы төлеу - 24.

**Қаржы-экономикалық нәтиже :**

Академиктерге 70080 теңге мөлшерде стипендия; ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқаны үшін стипендия 11680 теңге мөлшерінде; жас ғалымдарға - 8176 теңге;

200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төрт сыйлықақы - 233600 теңге; 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде үш сыйлықақы - 175200 теңге; 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 1 сыйлықақы - 116800 теңге; 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алты сыйлықақы - 58400 теңге;

"Дарын" мемлекеттік 10 сыйлықақысы 200000 теңге мөлшерінде.

Уақтылығы: стипендияларды ай сайын төлеу, сыйлықақылар - 25 қазан, 16 желтоқсан.

Сапасы: Отандық ғылым мен техниканы сапалы дамыту үшін жаңа білімдер алуға ынтыландыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1224 қаулысына

237-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және байқаудан өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару және жеткізу" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 151 299 мың теңге (бір жүз елу бір миллион екі жүз тоқсан тоғыз мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4, 18, 20, 30-баптары ; "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау арқылы түзету туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 қаулысы ; "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 173 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : оқушылар мен тәрбиеленушілерді,



мұғалімдерді сапалы оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету арқылы жоғары білікті мамандарды дайындауға ықпал ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** оқу әдебиетіне қол жеткізуші оқушылар мен тәрбиеленушілердің, мұғалімдердің пайызын көтеру. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сапасымен қанағаттандырылған мұғалімдердің пайызын арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және байқаудан өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару	<p>Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері үшін оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерін жасау және аудару.</p> <p>Электрондық оқулықтарды әзірлеу</p> <p>Білім беру саласында қызмет көрсетуші республикалық ұйымдар және шет елдегі қазақ диаспорасы үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару, қайта басу және тасымалдау.</p> <p>12-жылдық мектептерге оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, басып шығару, тәжірибеден өткізу және тасымалдау.</p> <p>Оқу әдебиеттеріне сараптама жасау.</p> <p>"Өзін өзі тану" пәні бойынша оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу.</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министр-

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :**

Т і к е л е й н ә т и ж е :

1. Арнаулы (түзету) білім беру ұйымдары үшін:

- 1) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленеді - 4 атау;
- 2) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер аударылады - 8 атау.

2. 2 сыныптары үшін орысша және қазақша тілдерде электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленеді - 5 атау.

3. 2008-2009 оқу жылында 1 және 8 сынып оқушыларын оқу әдебиетімен қамтамасыз ету :

1) республикалық білім беру ұйымдары:

1 - сынып бойынша :

қазақ тілінде - 33 атау ;

орыс тілінде - 33 атау ;

8 - сынып бойынша :

қазақ тілінде - 57 атау ;

орыс тілінде - 54 атау ;

2) шетелдегі қазақ диаспорасы бойынша:

1 - сынып бойынша :

қазақ тілінде - 10 атау .

4. 12-жылдық мектептер үшін:

1) 6 сынып үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленеді:

қазақ тілінде - 70 атау ;

орыс тілінде - 70 атау .

2) *алынып тасталды ;*

3) *алынып тасталды ;*

4) 6-сынып үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері басып шығарылған, тәжірибеден өткізілген және жеткізілген:

қазақ тілінде - 70 атау ;

орыс тілінде - 70 атау .

5. 1164 дана оқу әдебиеттеріне сараптама жасалады.

6. "Өзін өзі тану" пәні бойынша 7, 8-сыныптар мен 3, 4-курстары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері әзірленеді - 17 атау.

Қаржы-экономикалық нәтиже :

Жоспарланған оқу әдебиеттің орташа бағасы:

1. Арнаулы (түзету) ұйымдары үшін 1 баспа табағының орташа бағасы (

шығыстарсыз) :

1) оқулықтарды әзірлеу - 31800 теңге;

2) оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу - 23320 теңге;

3) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аудару - 18375 теңге.

2. 2-сыныптар үшін қазақ және орыс тілдерінде электрондық оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу 1 оқу әдебиетінің бағасы - 1500000 теңге.

3. 2008-2009 оқу жылында республикалық білім беру ұйымдары және шетелдегі қазақ диаспорасының 1 және 8 сынып оқушылары үшін оқу әдебиетін басып шығару (көлік шығындарын есептемегенде):

1) оқулықтар - 455 теңге;

2) оқу-әдістемелік кешендер - 212 теңге.

4. 12-жылдық мектептің 6-сыныбы үшін:

1) оқулықтың 1 баспа табағын әзірлеу - 21728 теңге, оқу-әдістемелік кешендердің 1 баспа табағын әзірлеу - 15000 теңге;

2) *алынып тасталды;*

3) *алынып тасталды;*

4) оқулықтың 1 экземплярін басып шығару - 455 теңге, оқу-әдістемелік кешендердің 1 экземплярін басып шығару - 212 теңге.

5. Оқу әдебиетін 1 баспа табағын сараптау - 4448 теңге.

6. "Өзін өзі тану" пәні бойынша:

1) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің 1 баспа табағын әзірлеу (шығыстарсыз) - 16309 теңге.

С о ң ғ ы н ә т и ж е :

білім деңгейін көтеру үшін оқушылар мен оқытушылардың оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сұраныстарын қамтамасыз ету.

У а қ ы т т ы л ы ғ ы :

республикалық жалпы орта білім беру ұйымдары және шетелдегі қазақ диаспорасын оқу жылының басына қарай оқу әдебиетімен қамтамасыз ету - 100 пайыз.

С а п а с ы :

Мемлекеттік сараптаманың болымды қорытындысымен оқу әдебиетін әзірлеу, аудару және басып шығару.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

238-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н  
 "Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу"  
 деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның  
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 1652116 мың теңге (бір миллиард алты жүз елу екі миллион бір жүз он алты мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 31, 47, 48-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі ; "Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 1168 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : бүгінгі өркениеттің түбегейлі жаңару жағдайында ойлау мен іс-әрекетке қабілетті жан-жақты дамыған, үйлесімді адамды тәрбиелеу, дарынды балаларды әлеуметтік, құқықтық және парасаттық жағынан қорғау , парасаттық мүмкіндікті қалыптастыруға ықпал жасау, республиканың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға халықты қанағаттандыру үшін оқушыларға тереңдетілген және жоғары деңгейдегі білім беруге себеп жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстарынан келген дарынды және жетім балаларды оқыту. Оқушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламалар бойынша бейімдік пәндер арқылы тереңдете даярлау. Адамның жеке бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Дарынды балаларды анықтауға қажетті жағдайлар жасау. Оқушыларды олимпиадаларға, жоғары оқу орындарына түсуге іріктеу және даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағ-	Бағдарламаның (кіші бағдар-	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі

дар-  
лама  
коды

ламаның)  
атауы

Жауапты

						орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	009		Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	<p>Оқу процесін бейімдік пәндерді тереңдете оқытатын Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес өткізу, мектеп-интернаттар бойынша басты құралдар сатып алу және күрделі жөндеу жүргізу:</p> <p>- әскери мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқыту;</p> <p>- музыка мамандықтары бойынша кәсіптік</p>	Жыл бойы	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p> <p>Кенес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы республикалық Шымкент әскери мектеп-интернаты, Екі мәрте Кенес Одағының Батыры Т. Я. Бегелдинов атындағы Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты, Б.Момышұлы атындағы республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты</p> <p>Күләш Байсейі-</p>

білімге дейін  
тереңдете оқыту;

- мемлекеттік тілі мен  
әдебиетін тереңдете  
оқыту және дамыту;

- жаратылыс-математика  
ғылымын тереңдетіп  
оқыту ;

Балалардың  
сауықтандыру, демалыс  
кезінде жалпы білім  
бағдарламаларын  
жүргізу. "Өзін-өзі  
тану" пәні бойынша

Т о в а  
атындағы  
дарынды  
балаларға  
арналған  
респу-  
бликалық  
о р т а  
мамандан-  
дырылған  
музыкалық  
мектеп-  
интернаты

А б а й  
атындағы  
респу-  
бликалық  
мамандан-  
дырылған  
дарынды  
балаларға  
арналған  
қ а з а қ  
тілі мен  
әдебиетін  
тереңдете  
оқытатын  
о р т а  
мектеп-  
интернаты

О. Жәуті-  
к о в  
атындағы  
респу-  
бликалық  
мамандан-  
дырылған  
дарынды  
балаларға  
арналған  
физика-  
математи-  
к а  
мектеп-  
интернаты

Қазақстан  
Респу-  
бликасы  
Білім  
және  
ғылым

		<p>эксперимент жүргізумен жалпы білім беру бағдарламаларды өткізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бекіткен тізімге сәйкес "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына, "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына басты құралдар алуға күрделі трансферттер аудару. "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына күрделі жөндеу өткізуге күрделі трансферттер аудару (сметалық құжаттама бойынша 2006 жылғы 27 желтоқсандағы N 7-710/06 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы). "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына сот шешімі бойынша берешекті өтеуге ағымдағы трансферттерді аудару.</p>	<p>министр лігі</p>
--	--	--	-------------------------

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

1. Оқушылардың орташа саны: мемлекеттік мекемелерде - 3036, оның ішінде: әскери мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқыту бойынша - 1350 , музыка мамандықтары бойынша кәсіптік білімге дейін тереңдете оқыту бойынша - 480, мемлекеттік тілі мен әдебиетін тереңдете оқыту бойынша - 370, жаратылыс-математика ғылымын тереңдетіп оқу бойынша - 836.

"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығының оқушыларының саны - 560 .

"Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығының бір кіруі - 288 құрайды.

2 . Б а с т ы қ ұ р а л д а р а л у :



1) 6 республикалық мемлекеттік мекемелер үшін, оның ішінде:  
Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы республикалық Шымкент әскери мектеп-интернатына 1-ден кем емес интерактивті сынып жинағын;  
Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Я.Бегелдинов атындағы Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатын 1-ден кем емес интерактивті сынып жинағы;

Б. Момышұлы атындағы республикалық Алматы әскери мектеп-интернатына 1-ден кем емес интерактивті сынып жинағы;

Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатына 1-ден кем емес интерактивті сынып жинағы;

Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатына 1-ден кем емес интерактивті сынып жинағы;

О. Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатына 1-ден кем емес интерактивті сынып жинағы;

2) Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына, "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығына 39-ден кем емес.

### 3. Күрделі жөндеу жүргізу:

1) 6 республикалық мектеп-интернаттарға күрделі жөндеу жүргізу, оның ішінде:  
Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы республикалық Шымкент әскери мектеп-интернаты, Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Я.Бегелдинов атындағы Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты, Б. Момышұлы атындағы республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты, Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты, Абай атындағы республикалық мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты, О. Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты;

2) "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Соңғы нәтиже: оқушыларға тереңдетілген және жоғары деңгейдегі білім беруде халықты қанағаттандыру үшін республиканың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру. Мектеп-интернаттарды басты құралдармен қамтамасыз етудің үлесі сұраныстың 50 пайызын құрайды, мемлекеттік мекемелерді күрделі жөндеуден өткізудің үлесі сұраныстың 94 пайызын құрайды.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Бір оқушыны оқыту мен тәрбиелеудің бір жылдық

құны (күрделі шығындарды қоспағанда):

- 1) мемлекеттік мекемелерде - 352,9 мың теңге;
- 2) мемлекеттік кәсіпорындарында - 78,0 мың теңге;
- 3) *(Алынып тасталды - 2008.11.12. N 581д қаулысымен).*

Уақыттылығы: оқу бітіруші оқушылардың іс жүзіндегі саны 800 адамнан кем емес.

Сапасы: Республикалық мемлекеттік мекемелерді "жақсы" және "өте жақсы" бағалармен аяқтаған оқушылардың үлесі 65 пайыздан кем емес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

239-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу"

деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 369140 мың теңге (үш жүз алпыс тоғыз миллион бір жүз қырық мың теңге )

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 14, 23, 31, 32, 33, 34, 47, 48-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : танымға және өркениетке тұлғаның дамуын дәлелдеу, дарынды балалар мен жастарды тани білудің, іріктеудің, қолдаудың, дамытудың және білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз етудің жүйесін жасау, қазіргі өркениетті түпкілікті өзгертудің жаңа жағдайында ойлауға және әрекет етуге қабілетті шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыру, дене тәрбиесі саласында практикалық жұмыстарды жүзеге асыру, мектеп жасындағы балалар, оқушы жастар арасында дене тәрбиесін

жетілдіру; республикалық шараларды ұйымдастыру, жеке адамның дербес бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу, халықаралық спорттық универсиадаларға қатысу, дарынды білім алушыларды тани білу, республикалық конкурстар, көрмелер, спорттық кешендік іс-шаралар өткізу, балалардың мәдени демалысын ұйымдастыру, дарынды балаларды іздестіру, тәрбиелеу, оқыту және қолдау жөніндегі практикалық қызметті дамыту үшін басқару жүйесін құру, дарынды балаларды тани білу үшін қажетті жағдайлар жасау, халықаралық олимпиадаларға, жарыстарға, конкурстарға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, әлеуметтік, құқықтық және дарынды балалар мен жастарды интеллектуалдық жағынан қорғау, интеллектуалдық әулиетін қалыптастыруға себеп жасау. Қазақстан Республикасында жеке адамның дарындылығын дамытудың инновациялық білім технологиялары саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

### 6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	010		Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру және оған қатысу.</p> <p>Елдің ауылдық жерлері мен алыс өңірлерінен келген дарынды балалардың мәдени демалыстарын ұйымдастыру.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің балалар құқығын қорғау комитетінің бұйрығына сәйкес жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
						Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің балалар

			іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.		құқығын қорғау комитеті
--	--	--	---	--	-------------------------------

## 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

Халықаралық республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, конференцияларға, көрмелерге, семинарларға, спорттық шараларға, универсиадаларға, спартакиадаларға, чемпионаттарға, мәдени демалыстарға қатысушы оқушылардың саны - 40 мыңнан астам.

Соңғы нәтиже :

Балалардың өзін-өзі билеуінің кәсіби деңгейі.

Қаржы-экономикалық нәтиже :

Халықаралық, республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобалар жарыстарына, спорттық шараларға, универсиадаларға, спартакиадаларға, чемпионаттарға және тағы басқа іс-шараларға қатысушыларының 1 адамына арналған шығынның орташа есебі - 9,2 мың теңге.

Уақыттылығы: кесте бойынша жұмыс жүргізу.

Сапасы: халықаралық, республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар жарыстарының, спорттық шаралардың, универсиадалар, спартакиадалар, чемпионаттардың жеңімпаздарының үлесі ағымдағы жылда қатысушылардың жалпы санының 0,7 пайызын құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

240-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Білім беру және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау"

деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 10 240 845 мың теңге (он миллиард екі жүз қырық миллион сегіз жүз қырық бес мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 № 342 Қаулысымен.*

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қазандағы N 1459 Жарлығы ;

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 200 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы" 1999 жылғы 28 тамыздағы N 73 өкімі ; "Жастар ісі жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілде N 1165 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша Үкіметке берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы N 1025 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 желтоқсандағы N 1187 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005-2007 жылдардағы жыл сайынғы жолдауларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды патриоттық, азаматтық, мәдени, білімдік, кәсіптік қалыптасудың, жастардың дене қабілетін дамытудың, олардың шығармашылық әлеуетін ашудың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру арқылы қамтамасыз ету, сондай-ақ жастар үшін әлеуметтік қызмет көрсетулер жағдайларын ұйымдастыру, республиканың жастар ұйымдарымен әлеуметтік серіктестікті дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, жастар арасындағы жағдайларға талдау жүргізу; әлеуметтік және ғылыми зерттеулер, жастар саясатын іске асыру мониторингі; жастар саясатын және патриоттық тәрбиелеуді іске асыруды ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және консультативтік қолдау; жастарды елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына тартуға бағытталған тақырыптық мақсатқа сай іс-шаралар кешенін өткізу; жастар үшін және олардың әлеуметтік-маңызды бастамалары үшін әлеуметтік қызметтер желісін құру, жастардың еңбек нарығына бірігуі үшін, жағдайлар жасау; халықаралық жастар ынтымақтастығын кеңейту; талантты жастарды қолдау, жастар мен студенттердің тұрғын жайларды қалыпқа келтіру бойынша және "Жасыл ел" бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарға еңбек құрылыс отрядтарына тартуды ұйымдастыру; азаматтардың сапалы азаматтық ынтымақтастық сезімінің қалыптасуы үшін ұйымдық алғышарттар мен шаралар жүйесін құру; тәртіптің оң үлгілерін қалыптастыру арқылы п а т р и о т т ы қ т ә р б и е л е у .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	040		Жастар саясатын жүргізу	Жастар саясатын іске асыру саласында стандарттар әзірлеу. Жұмысшы мамандықтарын және танымал ету насихаттау жөніндегі әлеуметтік роликтерді әзірлеу .	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Визуалды әлеуметтік жарнама құралдарын енгізуді қамтамасыз ету.

Жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру.

Жастар проблемаларына арналған республикалық семинар өткізу

Қазақстан Республикасы Қарулы күштері жастар бастамасы орталықтарының белсенділері үшін нұсқаулық армиялық жиын өткізу.

Қазақстандағы Украина жылы шеңберінде жастардың қатысуымен іс-шаралар өткізу.

Жастар саясатының өзекті мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлеу және басып шығару.

Қазақстанның жыл сайынғы Ұлттық жастар Дельфийлік ойындарын өткізу.

Қазақстанның Ұлттық Дельфий комитетінің отырысын өткізу.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық жастар Дельфий ойындарына қатысуын қамтамасыз ету.

Қазақстан жастарының VI Конгресін өткізу.

Қ а з а қ с т а н Республикасының Үкіметі жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңестің отырысын өткізу.

Өзекті әлеуметтік-саяси тақырыптар бойынша жастар дебат-ойындарын өткізу.

"Жаңа әлемдегі Қазақстан жастары" ҰМО жастар қанатының көшбасшыларының Мемлекет басшысымен кездесуін өткізу. республикалық және облыстық деңгейлерде "Жасыл ел" еңбек отрядтарының қызметін дамыту бойынша іс-шаралар өткізу. "Жасыл ел" жастар еңбек отрядтарының қызметтеріне ақы төлеу.

"Жасыл ел" акциясын өткізу. "Жасыл ел" жастар еңбек отрядтарының қатысушыларын жарактандыруды қамтамасыз ету,

"Менің Отаным - Қазақстан", "Бұл - біздің Ту!" "Бұл - біздің Әнұран!", "Ана тілі" атты акциялар өткізу.

Білім ұйымдарында зерделеу үшін қосымша ақпараттық материалдарды енгізу мақсатында қолданыстағы оқу материалдарына ұлттық бірлік тақырыбы бойынша талдау жүргізу.

Социологиялық мониторингті одан әрі жүзеге асыру үшін азаматтық келісім мәселелері бойынша қоғамдық пікірді зерделеу мақсатында жыл сайынғы социологиялық сауалнама жүргізу. Этносаралық өзара қарым-қатынас, еуразияшылық идеясын дамыту мәселелері бойынша халықаралық

ғылыми-практикалық конференция өткізу.  
 Студенттік құрылыс және жастар еңбек отрядтары қызметінің қорытындылары бойынша республикалық слет өткізу.  
 "Біз өзіміздің жарқын болашағымызды орнатамыз! - Біз жаңа Қазақстанды паш етеміз!" атты республикалық акция өткізу.  
 Балалар мен жасөспірімдерге арналған патриоттық мазмұндағы кітаптар шығару.  
 Қазақстанда жаңа қоғамдық-саяси қатынастарды қалыптастыруға арналған студенттік жұмыстардың республикалық конкурстарын өткізу.  
 Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, экскурсиялық, өлкетану жұмыстары жөніндегі бағдарламаны әзірлеу.  
 Өзге ұлт өкілдерінің балалары мен жастары арасында мемлекеттік тілді білуге арналған республикалық конкурс өткізу.  
 Жастардың соғыс ардагерлерімен, халықаралық жарыстар мен конкурстар жеңімпаздарымен тақырыптық кездесулерін өткізу.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: коммерциялық емес жастар ұйымдарының базасында жұмыс істейтін әлеуметтік қызметтердің әр облыстың жастары үшін жұмыс істеуін қамтамасыз ету; жастардың кем дегенде 26 әлеуметтік маңызды бастамасын іске асыру; республика жастарының көшбасшылық қасиетін шоғырландыруға және дамытуға

бағытталған жалпы республикалық 9 іс-шара өткізу;  
жастар саясатын іске асыру саласында кем дегенде 4 стандарт әзірлеу;  
жастар саясатының өзекті мәселелері бойынша кем дегенде 1000 әдістемелік  
құралдар мен ұсынымдар басып шығару;  
жұмысшы мамандықтарын танымал ету және насихаттау жөніндегі әлеуметтік  
роликтерді әзірлеу;

"Жасыл ел" бағдарламасын іске асыру шеңберінде кемінде 12 мың адамды еңбекпен  
қамту және олар атқаратын қызметке ақы төлеу, киім-кешекпен қамтамасыз ету;  
республикалық және облыстық деңгейде жастарға арналған қоғамдық жұмыстарды  
ұйымдастыру және үйлестіру;

"Жасыл ел" бастамасын танымал етуге бағытталған акция өткізу;  
азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жүйесін дамытуға бағытталған 10  
республикалық іс-шара өткізу;

білім ұйымдарында оқыту үшін қосымша ақпараттық материалдарды енгізу  
мақсатында ұлттық бірлік тақырыбындағы қолданыстағы оқу материалдарын талдау;  
экскурсиялық, өлкетану жұмыстары бойынша кем дегенде 2 бағдарлама әзірлеу;  
мемлекеттік рәміздері бар кем дегенде 10 000 бояу-кітапшаларын тиражбен басып  
шығару;

мектепке дейінгі, бастауыш мектеп және орта мектеп жасындағы балаларға  
арналған патриоттық мазмұндағы кем дегенде 6000 кітап тиражбен шығару.

#### Т ү п к і н ә т и ж е :

еліміздің жастар ұйымдары мен бастамашы топтары көшбасшыларының 50%-ы өз  
жұмысын мемлекеттік-патриоттық негізде құрады;

кемінде 1,5 млн. жас адамды қоғамдық-саяси процеске белсене қатыстыру;

кемінде 3,2 млн. жастарға әлеуметтік қызмет көрсету;

жастармен жұмысқа кем дегенде 320 әлеуметтік қызметкерді, соның ішінде  
волонтерлерді тартуды қамтамасыз ету;

жастар ұйымдарының жұмысына кемінде 800 мың жас адам қатысатын болады;  
ормандар мен ағаш өсіруді қайта өндіру, орманды сақтау, қорғау және қайта өндіру  
саласындағы жағдайларды тұрақтандыруға бағытталған елді мекендерді көгалдандыру  
және сәулеттендіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жастарды тарту - 12 мың  
сарбаз;

қазақстандықтардың Қазақстан Республикасымен азаматтық сәйкестендіру деңгейін  
көтеруге;

азаматтардың патриоттық қозғалысқа қатысу қызығушылығын арттыру;  
азаматтардың патриоттық санасын арттырудың мемлекеттік саясатын іске асыруды  
ақпараттық-насихаттық қамтамасыз етуді күшейту.

#### Қаржылық-экономикалық нәтиже:

жастармен жұмыс жөніндегі бір іс-шараны өткізуге арналған орташа шығыстар - 4



4 0 8 , 0 м ы ң т е ң г е ;

жастарға арналған бір әлеуметтік қызметтің жұмыс істеуіне жұмсалатын орташа шығыстар - 7 500,0 мың теңге;

жастардың әлеуметтік маңызды жобасын іске асыруға жұмсалатын орташа шығыстар - 2 171,0 мың теңге;

жастар саясатының өзекті мәселелері жөніндегі бір әдістемелік құрал мен ұсынымды басып шығаруға жұмсалатын орташа шығыстары - 600 теңге;

"Жасыл ел" бір сарбазының қызметіне ақы-төлеуге арналған орташа шығыстар - 1 7 , 5 м ы ң т е ң г е ;

"Жасыл ел" бір сарбазын киім-кешекпен қамтамасыз етуге арналған орташа шығыстар - 9,0 мың теңге;

Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің бір іс-шарасын өткізуге арналған орташа шығыстар - 3 295,0 мың теңге;

ұлттық бірлік тақырыбындағы қолданыстағы оқу материалдарын талдауға жұмсалатын орташа шығыстар - 725,0 мың теңге;

экскурсиялық, өлкетану жұмыстары бойынша 1 бағдарламаны әзірлеуге жұмсалатын орташа шығыстар - 863,0 мың теңге;

мемлекеттік рәміздері бар 1 бояу-кітапшаны басып шығаруға жұмсалатын орташа шығыстар - 1 0 0 т е ң г е ;

мектепке дейінгі, бастауыш мектеп және орта мектеп жасындағы балаларға арналған патриоттық мазмұндағы 1 кітапты шығаруға жұмсалатын орташа шығыстар - 2 , 0 м ы ң т е ң г е .

Уақтылығы: іс-шараларды тиісті бағдарламалардың іс-шаралар жоспарымен көзделген мерзімде өткізу.

Сапасы: жастар арасында болып жатқан процестерді өздігінен реттеу деңгейін өсіру; еліміздегі жастардың кемінде 102%-ының азаматтық санасын арттыру; патриоттық құндылықтардың, көзқарастар мен сенімдердің маңызын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

254-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға мақсатты берілетін даму трансферттері"

деген 045 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 2276348 мың теңге (екі миллиард екі жүз жетпіс алты миллион үш жүз қырық сегіз мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістіктің дамуы мен "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының құрылуы" 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысы ; 2007-2009 жылдарға арналған "Ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасында ақпараттық т е ң с і з д і к т і ж о ю .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Орта білім беру ұйымдарына арналған компьютерлік сыныптарды құру тұрғындарды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану көптеп оқыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	045		Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамытуға берілетін	Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты берілетін даму трансферттерді а у д а р у : - орта білім беру ұйымдарына арналған компьютерлік және ұйымдастырушылық техниканы, лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу үшін ; - Қазақстан өңірлеріндегі халықты, сондай-ақ балалар	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

		<p>нысаналы даму трансфертері</p>	<p>үйлері тәрбиеленушілері мен қызметкерлерін мектеп негізінде компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін;  - Қазақстанның барлық өңірлерінде жазғы компьютерлік мектептерде компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін ;  - аймақтарда ақпаратты технология айлықтарын жүргізу үшін аудару.</p> <p>Қазақстанның барлық өңірлеріндегі халықтарды, сондай-ақ балалар үйлері тәрбиеленушілері мен қызметкерлерін мектеп негізінде компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін .  Білім беру ұйымдарының 2000 компьютерлік сыныбын техникамен жабдықтау :  компьютерлік және ұйымдастырушылық техниканы , лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз студі сатып алу. Аймақтарда ақпараттық технологиялар айлықтарын өткізу.  Қазақстанның балалар үйлерінде, мектеп интернаттарда, жасөспірімдер үйлерінде барлығы 69 компьютерлік сыныпты жабдықтау.</p>	<p>Облыстардың , Астана, Алматы қалаларының әкімдері</p>
--	--	-----------------------------------	---	--

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен .*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :** Тікелей нәтиже: 2008 жылы ақпараттық технологиялар айлықтары өткізіледі.

Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасында тұрғындардың компьютерлік білім алу көрсеткіштерін жоғары деңгейге жеткізу.

Финанстық-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздігін азайту және тұрғындардың компьютерлік біліктілікті 13,2%-ға дейін ұ л ғ а й т у .

Уақытылығы: Іс-шаралардың орындалуы бекітілген мерзімдерге сай келісіммен жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Сапалылығы: Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздіктің азаюына септігін тигізу үшін халықты компьютерлік сауаттылыққа үйрету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

255-ҚОСЫМША

## **225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген

048 республикалық бюджеттік бағдарламаның

### **ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 2412400 мың теңге (екі миллиард төрт жүз он екі миллион төрт жүз мың т е ң г е ) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.*

№ 581 д *Қ а у л ы с ы м е н .*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 64-бабы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қазіргі материалдық-техникалық база құру және оны қамтамасыз ету нормативтік талаптарға сәйкестендіру, мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім стандарттарына сәйкес мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының оқу ү р д і с і н қ а м т а м а с ы з е т у .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыру үшін қаржылай қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	048		Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерінің физика кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару.  Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің физика кабинеттерін оқу жабдығымен сапалы және уақытында жарақтандыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  Облыстардың, Астана және Алматы қалала-

		нысаналы транс- ферттер		рының әкімдері.
--	--	-------------------------------	--	--------------------

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:  
2008 жылы 700 бірліктен кем емес физика кабинеттерімен қамтамасыз етіледі, оның  
і ш і н д е :

Ақмола облысы	-	66	бірліктен	кем	емес;
Ақтөбе облысы	-	72	бірліктен	кем	емес;
Алматы облысы	-	48	бірліктен	кем	емес;
Атырау облысы	-	70	бірліктен	кем	емес;
Шығыс Қазақстан облысы	-	122	бірліктен	кем	емес;
Жамбыл облысы	-	29	бірліктен	кем	емес;
Батыс Қазақстан облысы	-	15	бірліктен	кем	емес;
Қарағанды облысы	-	46	бірліктен	кем	емес;
Қостанай облысы	-	4	бірліктен	кем	емес;
Павлодар облысы	-	42	бірліктен	кем	емес;
Солтүстік Қазақстан облысы	-	85	бірліктен	кем	емес;
Оңтүстік Қазақстан облысы	-	71	бірліктен	кем	емес;
Астана қаласы	-	30	бірліктен	кем	емес.

С о ң ғ ы н ә т и ж е :

- халықтың барлық жіктері үшін сапалы білім алу қолжетімділігін қамтамасыз ету ;

- физика кабинеттерінде оқу жабдығы жоқ мектептер санын азайту, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және нормативтік талаптарға сәйкес ж а р а қ т а н д ы р у ;

- білім беру үрдісін оқу әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру;  
- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде о қ ы т у с а п а с ы н а р т т ы р у .

Қаржы-экономикалық тиімділігі: 1 физика кабинетінің жоспарланып отырған орташа құны - 3446,3 мың теңге.

Уақыттылығы: жасалған шарттарға сәйкес физика кабинеттерімен қамтамасыз ету.

С а п а с ы :

жаңа ақпараттық және денсаулық сақтайтын оқыту технологиясын енгізу негізінде оқушылардың білім сапасын арттыру. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру жолымен білім алу үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1224 қаулысына

256-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Сенім білдірілген агенттер қызметіне ақы төлеу"

деген 050 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 64060 мың теңге (алпыс төрт миллион алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауда мемлекеттік білім беруді несиелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 маусымдағы №

1018

қаулысы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : берілген бюджеттік несиені қайтарудың тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің), олардың бюджеттік несиелеуге байланысты тапсырмаларды атқаруына сыйақы төлеу жолымен, бюджеттік несиелерге қызмет көрсету мен қайтаруын қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	050		Сенім білдірілген агенттер қызметіне ақы төлеу	Сенім білдірілген өкілдерге (агенттерге) тапсырманы атқарғаны үшін сыйақы төлеу	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: сенімді тұлғаға оның мемлекеттік білім және мемлекеттік студенттік несиелерді қайтару және қызмет көрсету бойынша жүргізген жұмысына сыйақы төлеу.

Соңғы нәтиже: заемшылардың алынған несиені өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындауының толықтығы және уақтылығы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: сенім білдірілген өкілдер (агенттер) қызмет

көрсеткен несиелерді қайтару.

Уақтылығы: сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) міндеттемелерін өз уақытында орындауы.

Сапасы: мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік несиелерді қайтару және қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

257-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 055 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 10197137 мың теңге (он миллиард бір жүз тоқсан жеті миллион бір жүз отыз жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.*

N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19-1 Қазақстан Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңы ; 2001 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының " Ғылым туралы" Заңы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің шаралары туралы" 1996 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 2895 Жарлығы ; "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын одан әрі жүзеге асыру бойынша іс-шаралар" 2007 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің N 310 Жарлығы ; "2007-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы N 348 Жарлығы; "Республикалық бюджет есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; "2006-2008 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасында биотехнология жөніндегі кластерді қалыптастыру үшін қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 маусымдағы N 554 қаулысы , 2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында фармацевтикалық кластерді



дамыту үшін экспортқа бағдарланған бірегей фитопрепараттарды әзірлеу және өндірісті ұйымдастыру" ғылыми-техникалық бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 417 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономиканың базалық салаларының қажеттіліктерін ғылыми-техникалық, ғылымды көп қажет ететін жаңа өндірістердің ғылыми негіздерін әзірлеуді қамтамасыз ету, зерттеу-әзірлеу-кадрлар даярлау өнеркәсіптік игерудің бірыңғай ғылыми-өндірістік тізбекке көшуге септігін тигізетін ғылыми-техникалық және өзге салаларда инновациялық қызметті дамыту, қолданбалы бастамашыл және тәуекелдік ғылыми зерттеулер мен зерттемелердің дамуына ықпал ету. Қазақстан Республикасы Президентінің Республикада мемлекеттік және тарихи сана-сезімді қалыптастыру қызметін ғылыми-талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету, мемлекет тарихы мен Қазақстанның мемлекеттігін құру және т е о р и я л ы қ н е г і з д е у .

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Отандық технологиялардың бәсекелестік қабілеттілігін көтеру, өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларын тұрақты дамытуды ғылыми қамтамасыз ету. Қажетті жабдықтар мен аспаптар, реактивтер, қосалқы бөлшектер сатып алуда бірінші кезектегі қажеттілікті қанағаттандыру; ғылыми ұйымдарды осы заманғы жабдықпен, аспаппен және есептеу техникасымен жабдықтау; осы заманғы жоғары өнімді жабдықтарды және ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру, ғылыми зерттеулер мен зерттемелерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдар мен зерттеу ұжымдарын қаржыландыру көздерін кеңейту; ғылыми ұйымдардың кеңейтілген аясы үшін қаржы қаражаттарының қолайлылығын қамтамасыз ету. Қазақстандық қоғамда қазақстандық ұлтты дамыту үшін оңтайлы ішкі және халықаралық жағдай жасауға бағытталған мемлекет стратегиясының міндеттеріне сай келетін мемлекеттік сана-сезім мен тарихи білім идеологиясын қалыптастыру. Отандық тарихтың және Қазақстан мемлекетінің жаңа жағдайдағы тарихының теоретикалық-әдістемелік параметрлерін және зерттеу негіздемелерін әзірлеу.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

N p/c	Бағ-дар-лама коды	Кіші бағ-дар-лама коды	Бағдар-ламаның (кіші	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	

бағдар-  
ламаның)  
атауы

Жауапты

						орындау-шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	055		Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер	<p>1) Негізгі ғылыми бағыттардың 5 басымдығына сәйкес 6 бағдарлама аясында орталықтар мен институттар мен іргелі ғылыми зерттеулерді жүргізу:</p> <p>физика, математика, механика және информатиканың іргелі мәселелері;</p> <p>ғарыш кеңістігін зерттеу және қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін дамыту, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуы мүддесінде Жерді ғарыштан зерттеу;</p> <p>әр түрлі функционалды бағыттардағы ғылыми негіздер мен жаңа перспективалық материалдарды жасау технологияларын әзірлеу;</p> <p>минералдық және су ресурстарын, геологиялық-географиялық жүйелерді толтыру және игеру, минералдық және су ресурстарының, геологиялық-географиялық жүйелердің орнын толтыру және игеру, табиғи және техногендік апаттардан келген шығындарды азайту проблемаларын ғылыми қамтамасыз ету; денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау үшін ғылыми қажетсінетін технологияларды жасаудың биологиялық негіздері;</p> <p>Қазақстанның еркін демократиялық қоғамға қозғалысының әлеуметтік-экономикалық, саяси және тарихи-мәдениеттік модельдері мен</p>	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институты

механизмдерін жүйелі  
негіздеу және әзірлеу,  
қазіргі заманға  
жаһанданған  
процестерінің  
мәнмәтінінде  
Қазақстанның  
жылдамдатылған  
модернизациялануының  
ғылыми-әдістемелік  
нысанын дамыту.  
Жоғарыда аталған  
іргелі зерттеулер  
бағдарламаларын іске  
асыруды, үйлестіруді  
алып жүруді қамтамасыз  
ету.

2) Мемлекеттік маңызы  
бар ғылыми-техникалық  
бағдарламаларды іске  
асыру:  
2006-2008 жылдарға  
арналған  
"Биотехнология  
жөніндегі кластерді  
қалыптастыру үшін  
Қазақстан  
Республикасында  
қазіргі заманғы  
технологияларды  
әзірлеу";  
2007-2009 жылдарға  
арналған "Қазақстан  
Республикасында  
фармацевтикалық  
кластерін дамыту үшін  
экспортқа бағдарланған  
бірегей фитопрепарат-  
тарды әзірлеу және  
өндірісті  
ұйымдастыру";  
2006-2008 жылдарға  
арналған "Қазақстан  
Республикасының  
биологиялық және  
химиялық қауіпсіздігін  
ғылыми-техникалық  
қамтамасыз ету";  
2006-2008 жылдарға  
арналған "Құс тұмауы:  
зерттеу, күресу  
құралдары мен  
әдістерін әзірлеу";  
2007-2009 жылдарға

арналған "Қазақстан Республикасында наноғылымды және нанотехнологияларды дамыту"; 2008-2010 жылдарға арналған "Қазақстанның биотүрлілігін сақтап қалу үшін өсімдіктердің, жануарлардың, микроағзалардың және ерекше генетикалық банктің жинағын толықтыру, зерттеу және ұстап тұру"; 2007-2008 жылдарға арналған "Тау-кен мен көмірсутегі секторлары үшін және олармен байланысты қызмет көрсету салаларының жаңа технологиялары"; 2008-2010 жылдарға арналған "Каспий акваториясының биоценозын эколого-эпидемиологиялық зерттеу және оны сауықтыру бойынша шараларды әзірлеу"; 2008-2010 жылдарға арналған "Жаңғыру аралындағы биологиялық полигон қызметінің салдарын кешенді эколого-эпидемиялық зерттеу және оны жою бойынша шараларды әзірлеу"; 2008-2010 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасында жаңартылған энергетиканы дамыту"; 2008-2010 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауы үшін А/Н5N1 тұмауына қарсы вакцина әзірлеу". 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан

Республикасының ғылым мен ғылыми-техникалық саланың ақпараттық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Мобильді микрокомпьютерлер мен арнайы мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық құралдарды жасау. Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Орталықтардың ғылыми қызметкерлерін оқыту және сынақтау. Қазақстанның даму негізі ретінде Ұлттық идея бағдарламасы шегінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу (Қазақстан Республикасында саяси жүйе мен партиялық құрылыстың дамуының ұлт аралық, конфессиялық, азаматтық және рухани қоғамдық дамудың басқа да маңызды мәселелерінің келісім саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер). Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.

Ғылыми-техникалық дамудың басымдылығын айқындау үшін форсайттық зерттеулер жүргізу. Шетелдік ғалымдарды, ұйымдар мен халықаралық бағдарламалар мен жобаларды, соның ішінде қазақ диаспорасы өкілдерін тарту арқылы қазақстандық ғылыми жобаларды іске асыру. Қолданбалы бастамашыл

және тәуекелдік  
ғылыми зерттеулер мен  
зерттемелерді  
қаржыландыруға  
гранттарды беру. Қазақстанның қазіргі  
заманғы әлеуметтік-саяси тарихын жүйелі  
жинақтау және қоғамдық тәжірибеге енгізу.

3) Ғылыми-техникалық  
бағдарламалар мен  
жобаларға ғылыми-тех-  
никалық сараптама  
жүргізу.

Бағдарламалар мен  
жобалар жөніндегі  
барлық есептердің  
аралық және қорытынды  
сараптамасын жүргізу.

4) Қазақстан  
Республикасы Білім  
және ғылым Министрінің  
бұйрығымен бекітілген  
тізбеге сәйкес:  
инженерлік бағдардағы

5 мемлекеттік жоғары  
оқу орындары үшін  
конкурстық негізде  
ғылыми-зертханалық  
жабдықтарды сатып алу  
үшін;

ашық түрдегі  
нанотехнологиялар мен  
жаңа материалдар,  
биотехнологиялар,  
ядролық технологиялар  
мен жаңартылған  
энергетика  
технологиялары,  
сонымен қатар, ақпараттық және космостық  
технология-

лар бағыттар бойынша

4 ұлттық ғылыми  
зертхана үшін ғылыми-зертханалық  
жабдықтарды сатып алу  
үшін күрделі  
трансферттер аудару.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрлігі Ғылым  
комитетінің

Төрағасының бұйрығымен  
бекітілген тізбеге  
сәйкес жабдықтарды  
сатып алу.

5) ҚР БҒМ "Биологиялық

зерттеулер орталығы"  
РМК ғылыми ұйымдарының  
ғимараттарына  
мемлекеттік  
сараптамаға сәйкес  
күрделі жөндеу  
жүргізуге арналған  
күрделі трансферттерді  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрлігі Ғылым  
комитеті төрағасының  
бұйрығы сәйкес аудару:  
- ҚР БҒМ БЗО  
"М.Айтқожин атындағы  
биология және биохимия  
молекулалық  
институты" ЕМК (2006  
жылғы 27 желтоқсандағы  
N 7-705/06 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
с а р а п т а м а  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО  
"Ботаника және  
фитоинтродукция  
институты" ЕМК (2006  
жылғы 17 қазандағы  
7-526-2/06 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
с а р а п т а м а  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО  
"Микробиология және  
вирусология институты"  
ЕМК (2006 жылғы 27  
желтоқсандағы N  
7-708/06 және 2007  
жылғы 29 мамырдағы N  
7-259/07 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
с а р а п т а м а  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО "Адам  
және жануарлар  
физиологиясы  
институты" ЕМК  
ғимараты (2007 жылғы  
30 мамырдағы N  
7-270/07 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
с а р а п т а м а  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО



"Зоология институты"  
ЕМК ғимараты (2007  
жылғы 30 мамырдағы N  
7-271/07 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
сараптама  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО  
"Маңғыстау  
эксперименталдық  
ботаникалық бағы" ЕМК  
(2006 жылғы 04  
қыркүйектегі N  
15-351/06 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
сараптама  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО "Алтай  
ботаникалық бағы" ЕМК  
(2006 жылғы 22  
тамыздағы N 9-705/06  
жұмыс жобасына  
мемлекеттік сараптама  
қорытындысы);  
- ҚР БҒМ БЗО  
"Ботаника және  
фитоинтродукция  
институты" ЕМК-ның  
"Жезқазған ботаникалық  
бағы" филиалы (2006  
жылғы 14 қыркүйектегі  
N Ж-12-80/06 жұмыс  
жобасына мемлекеттік  
сараптама  
қорытындысы).  
- ҚР БҒМ "ҚР ұлттық  
биотехнологиялар  
орталығы" РМК ғылыми  
ұйымдарының  
ғимараттарына  
мемлекеттік  
сараптамаға сәйкес  
күрделі жөндеу  
жүргізуге арналған  
капиталдық  
трансферттерді  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрлігі Ғылым  
комитеті төрағасының  
бұйрығына сәйкес  
аудару:  
- ҚР БҒМ ҰБО  
"Биологиялық

			қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты" ЕМК (2007 жылғы 29 мамырдағы N 7-263/07 жұмыс жобасына мемлекеттік сараптама қорытындысы); - ҚР БҒМ ҰБО "Биология және биотехнологиялық өсімдіктер институты" ЕМК (2008 жылғы 11 наурыздағы N 7-118 жұмыс жобасына мемлекеттік сараптама қорытындысы).	
--	--	--	--	--

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Жобалар конкурсы нәтижесіне сәйкес басым бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітілген тақырыптар бойынша, іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу. Ғылыми ұйымдарға, соның ішінде мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы 5 ғылыми зертханаларға жекелеген құралдар мен жабдықтарды сатып алу, ашық түрдегі ұлттық зертханаларды жабдықтау және ғылыми ұйымдардың ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу. Жабдықтар сатып алу ғылыми ұйымдардың ағымдағы міндеттерді сапалы әрі мезгілінде орындауына мүмкіндік береді және олардың өңдейтін ақпаратының шапшаңдығын арттырады. Ғылыми ұйымдардың ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу ғылыми зертханалардың сапасын және ғылыми қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Ғылыми жарияланымдар, соның ішінде патенттер мен патенттердің алды және басқа да құжаттар, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының қорытындысы болып табылатын конструкторлық-технологиялық және техникалық-экономикалық құжаттама.

Соңғы нәтиже: Табиғи және әлеуметтік жүйелер туралы жаңа білімдер алу, жүйелі экономиканың қайта ұйымдастырудың ғылыми негіздерін, қоғамның, мәдениеттің, ғылымның тұрақты дамуын әзірлеу; Қазақстандық ғылым ұстанымының ТМД қатысушы елдерінің жалпы ғылыми-технологиялық кеңістігі шеңберінде және ғылыми еңбектің әлемдік бөлігінде нығайту; экспорттық және импортты ауыстырушы өнімдерді көбейту және ғылыми өндірістерді дамытуға ықпал ететін қорытындыларды алу; ғылыми зерттеу мен зерттемелердің дамуына ықпал ету, жоғары тәжірибелік

әлеуеті бар ғылыми зерттеу мен зерттемелерді өткізуде сапа мен қызығушылықты  
а р т т ы р у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

- бір ұйымға жабдықтар сатып алуға арналған орташа шығыстар - 47 254 800,0 теңге ;

- бір ғылыми лабораторияға сатып алынатын жабдықтарға кететін орташа  
шығыстар - 2 8 8 8 8 9 теңге ;

- бір ұйымның күрделі жөндеуіне арналған орташа шығыстар - 19057900 теңге.

Уақыттылығы: шарт бойынша жұмысты жүргізу кестесіне сәйкес.

Сапасы: ғылыми мақалалар, авторлық куәліктер, патенттер, патенттер алды, технологиялық әзірлемелер мен регламенттер, тәжірибе үлгілері, технологиялық процестер. Қазіргі заманғы құрал-жабдықтарды қолдану, ғылыми еңбек жағдайын жақсарту есебінен ғылыми зерттеулердің сапасын көтеру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 2 4 қаулысына

258-ҚОСЫМША

**225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 жылға арналған

"Білім беру сапасын қамтамасыз ету"

деген 056 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 794 303 мың теңге (жеті жүз тоқсан төрт миллион үш жүз үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4, 23-баптары; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 55, 58, 59, 65-баптары; "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығы; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы; "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 976 қаулысы; "Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы

жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысы; "Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың 2007 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 қарашадағы N 1122 қаулысы.

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** оқу жетістіктеріне тәуелсіз баға жасау, жоғары сапалы білімді қамтамасыз ететін сыртқы тәуелсіз бағалау жүйесін жасау. Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттар негізінде білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жетілдіру. Халықаралық талаптарға сәйкес жоғары білім берудің сапасын қамтамасыз ету. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалайтын "Қазтест" жүйесін қ ұ р у .

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** Ұлттық бірыңғай тестілеуді, оқушыларға аралық мемлекеттік бақылауды және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кезіндегі, аттестаттаудан өту кезіндегі педагогикалық қызметкерді тестілеу кешенді тестілеуден өткізу. Мемлекеттік міндетті білім стандарттарын әзірлеу және талдау, оқушылар контингенттерін құру механизмін жетілдіру. Жоғары оқу орындарының халықаралық аккредиттеуден өтуі. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалайтын "Қазтест" жүйесін пысықтау және сынау .

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	056		Білім беру сапасын қамтамасыз ету	Ұлттық бірыңғай тестілеу, мемлекеттік және білім беру ұйымдарын бақылау мемлекеттік	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Білім және

аттестаттау кезіндегі  
кешенді тестілеуге,  
сондай-ақ  
педагогикалық  
қызметкерлердің  
аттестаттау кезіндегі  
қатысушылар бойынша  
мәліметтерді жасау.  
Ұлттық бірыңғай  
тестілеуді, білім  
беру ұйымдарын  
мемлекеттік  
аттестаттау кезіндегі  
кешенді тестілеуді  
және білім алушыларды  
аралық мемлекеттік  
бақылауды, сондай-ақ  
аттестаттау кезіндегі  
педагогикалық  
қызметкерлерді  
тестілеуді ұйымдастыру  
және өткізу үшін тест  
тапсырмаларын жасау  
және сараптамадан  
өткізу, бағдарламалық  
қамтамасыз етуді  
жетілдіру.  
Ұлттық бірыңғай  
тестілеуді, білім  
беру ұйымдарын  
мемлекеттік  
аттестациялау кезінде  
кешенді тестілеуді  
ұйымдастыру және  
өткізу және  
педагогикалық  
қызметкерлерді  
тестілеу.  
Орта білім берудің  
бастауыш және негізгі  
саласында және жоғары  
оқу орындарының 2 (3)  
курстарында білім  
алушыларға мемлекеттік  
аралық бақылауды  
ұйымдастыру және  
өткізу.  
Мемлекеттік комиссия  
мүшелерімен, Қазақстан  
Республикасы Білім  
және ғылым  
министрлігінің  
өкілдерімен, ұлттық  
бірыңғай тестілеуді

Ғылым  
министр-  
лігінің  
білім  
беру  
саласын-  
дағы  
бақылау  
комитеті,  
Білім  
беру мен  
тесті-  
леудің  
мемлекет-  
тік  
стандарт-  
тарының

			<p>өткізу пункттерінің қызметкерлерімен тест тапсырмаларының авторларымен және сарапшылармен семинарларды өткізу. Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген тізімге сәйкес Қызылорда облысы Төретама кентінде (Байқоңыр қаласының мектеп бітірушілері үшін) тестілеу пунктін ашу үшін күрделі трансферттер аудару. Танылған шет елдік аккредиттеу агенттіктері арқылы аккредиттеуден өтуге дайындалу мақсатында жоғары оқу орындарының өзіндік бағалаудан өтуі.</p> <p>"Казтест" жүйесінің енгізу және дамыту тұжырымдамасын пысықтау. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалайтын "Казтест" жүйесін пысықтау. Интерактивті тестілеу үшін жүйенің сапасын сынау. Нысаналы топтарда "Казтест" жүйесінің сапасын сынау.</p>	<p>Ұлттық орталығы</p>
--	--	--	--	------------------------

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 155 ұлттық бірыңғай тестілеу өткізілетін пункттерде ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру ;

жоспарланған ұлттық бірыңғай тестілеуден өтетін білім алушылардың саны 164 мыңнан астам адам ;

аралық мемлекеттік бақылаудан өтетін оқушылардың саны:

- 1) жалпы орта білім беру саласында бастапқы және негізгі сатыда оқитын оқушылар - 260 мыңнан кем емес адам ;
- 2) 2 (3) курс студенттері - 160 мыңнан кем емес адам ;

білім ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кезінде кешенді тестілеуден өтетін оқушылардың саны - 15 мыңнан кем емес адам; аттестаттаудан өтуі тиіс педагогикалық қызметкерлердің саны - 10 мыңнан кем емес адам.

